




*Uzeng'i  
wiri mgeri*



*Изенді  
шірімдері*







Қанат Жариясұлы ОТАРБАЕВ 1958 жылы Қарағанды облысы, Нұра ауданы, Изенді ауылында туған. Еңбек жолын Нұра кеңшарында шопан болып бастады. Целиноград ауыл шаруашылығы институтын бітірген. Нұра кеңшарында бөлімше зоотехнигі, Балықтыкөл кеңшарында бас зоотехник қызметтерін жемісті атқарған. 1999 жылдан бері «Отқанжар» ЖШС директоры.

«Ерен еңбегі үшін» медалі (2003 ж.) және «Құрмет» орденімен (2010 ж.) марапатталған. Бизнесінің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі республикалық «Парыз-2010» конкурсының алтын жүлдегері. ҚР Білім және ғылым министрлігі тарапынан берілген «Білім меценаты–2008» атағының иегері. Нұра аудандық мәслихатының соңғы үш шақырылымының депутаты.



Амангелді Базарбайұлы ШАХАРБАЕВ 1978 жылы Қарағанды облысы, Нұра ауданы, Изенді ауылында туған. Әнші-сазгер. Білімі жоғары. Құрманғазы атындағы консерваторияны 2007 жылы тәмәмдаған. Еңбек жолын әскер қатарынан келген соң 2000 жылы Нұра аудандық мәдениет үйінің әдіскері болып бастады, 2005 жылдан бастап осы мекеменің концертмейстері болып қызмет атқаруда.

«Ақ – әжелер» вокалдық тобының және балалар «Ізбасар» вокалдық тобының жетекшісі. 2006 жылғы облыстық «Жас қанат» конкурсының бас жүлдегері, 2007 жылы облыс әкімінің жастар арасындағы «Қайнар» сыйлығының иегері. Әндері көпшілік арасында сұранысқа ие және елге кеңінен танымал.



## Ғұрлы Ғұрам



Сөзі мен әні Амангелді Шахарбаевтікі

Қазақтың нұрға толы жағасы бар,  
Кең байтақ Сарыарқадай даласы бар.  
Астықты өлкемізге әнұран боп  
Шырқатып әнге қосқан баласы бар.

Қайырмасы:  
Өзің деп ән салам нұрлы Нұрам,  
Көгіңде самғаған мен бір қыран.  
Арманым жоқ сенде туған  
Жайнай берші нұрлы Нұрам.

Ырысты жеріміз бар, көліміз бар,  
Ән салып, егін еккен еліміз бар.  
Сағымы діріл қаққан жазиралы  
Құт қонып бақ дарыған жеріміз бар.

Қайырмасы.

Аққуы қаздарымен қаңқылдаған,  
Қырында қырандары қалықтаған.  
Анамсың құшағың мол гүлге ораған  
Айналдым жерұйығым нұрлы Нұрам.

Қайырмасы.



## Изенді Вальсі

Сөзі Қанат Отарбаевтікі  
Әні Амангелді Шахарбаевтікі

Төсіне қой өргізген боз даланың,  
Қиялы көкке өрлейді бозбаланың.  
Сезеді сағыныштың сазды әуені,  
Сезімнің нәзік қылын қозғанын.

Қайырмасы:

Ауылым аңсаған – Изенді,  
Тамаша бүгін бір күйге енді.  
Анаңдай елжіреп қарсы алар,  
Жүрекке сағыныш түйгенді.

Алакөл, Кеңжарық пен Қаратомар,  
Айдының сарқылмайтын аққу қонар.  
Кетсек те алыстарға арман құып,  
Мекенсін шыр айналып қайта оралар.

Қайырмасы:

Елімнің кішкентай бөлшегі,  
Изенді – игі істер өлшемі.  
Шақырам ауылға, кел достар,  
Жатсынбай қарсы алар ол сені.



Қалмас тау, Шұбар төбе, Құланөтпес,  
Жастық шақ саяңда өткен естен кетпес.  
Туған жер топырағыңды тұлетеміз  
Атыңды әнге қосып, мәңгі өшпес.



Қайырмасы:

Мақтан қып айтатын қауымы,  
Изенді – қазақтың ауылы.  
Тербеліп осы әнмен тұра бер,  
Соқса да замана дауылы.



## Қыз ұзату

Сөзі Қанат Отарбаевтікі  
Әні Амангелді Шахарбаевтікі

Қол созып жетсем дейсің арманыңа,  
Қызым-ау, бойжетіп-ақ қалғаның ба?!  
Көзіңнен көрдік бүгін бақыт нұрын,  
Батасын ата-анаңның алғанында.

Қайырмасы:

Қызым, қызығым, қызғалдағым,  
Орындалсын ойыңдағы ізгі арманың.  
Байқамай жүр екенбіз жүрегіңде  
Махаббат сезімінің бүр жарғанын.

Еркелік қылығыңды түзге тастап,  
«Қыз бала - қонақ» деген сөзді растап.  
Базары балалықтың үйде қалып  
Барасың бөтен жұртқа босаға аттап.

Қайырмасы:

Қызым, ұш қияна, қарайлама,  
Қыз бақыты ашылады солай ғана.  
Қабыл боп ақ батамыз, атса екен  
Алдыңнан бақыт таңы арайлана.



Құрметте барған елді құшақ ашқан,  
Өмірің арқау болсын жырға дастан.  
Ұшырып қолымыздан, үкі тағып  
Тапсырдық құдамызға құдай қосқан.



Қайырмасы:

Қызым, балапандай баптағаным,  
Әкеңнің ақ тілегін сақта жаным.  
Келін бол бір үй емес, бүтін елге  
Ақ сүтін анашыңның ақта жаным.





## Туған өлкем егізім!

Сөзі мен әні Амангелді Шахарбаевтікі

Балғын шағым, бал шағым,  
Өтті сенде әр таңым.  
Гүл қуалап көктемде  
Жүрген кезді аңсадым.

Арман болған талайға,  
Сүйсіне жұрт қарай ма.  
Қонақжайлы егізім  
Сыйлы болған маңайға.

Қайырмасы:

Толқын ұрған жағаңа,  
Самғап ұшқан шағала.  
Туған өлкем егізім,  
Нұрам менен Теңізім!  
Құшақ жайған баршаға,  
Атқан таңды қарсы ала.  
Туған өлкем егізім,  
Нұрам менен Теңізім!

Шұғыласын таратқан,  
Айға ауызын қаратқан.  
Менің өлкем осындай  
Егіз қылып жаратқан.



Сезімімнің шығындай,  
Өрілген қос бұрымдай.  
Ән арнадым өзіңе  
Махаббаттың жырындай.

Қайырмасы.





## Қазақстан алға!

Сөзі Қанат Отарбаевтікі.  
Әні Амангелді Шахарбаевтікі

Көк байрағым желбіреп аспанымда,  
Тәуелсіздік орнамаған қас-қағымда.  
Ақтабан мен желтоқсан арасында  
Есең кетті қанша рет жат қолында.

Азаттықты аңсаған бабалардың,  
Ел бірлігін ойлаған даналардың,  
Аманат қып арманын арқалаған  
Ұл-қыздары алтын құрсақ аналардың.

Қайырмасы:

Ұлы мұрат жетелеген алға  
Жас қыраным биіктерге самға!  
Көк туыңды берік ұстап қолда,  
Бабалардың өсиетін жалға.  
Өркениет көшінен де қалма  
Алға баста, Қазақстан алға!

Жаңа дәуір парағын ашқанымда,  
Алтын ғасыр нұр шапты аспанымда.  
Алды бүгін азаттық Алаш елі,  
Қанын төкпей өзінің, басқаның да.



*Ел боламыз мәңгілік бірлігімен,  
Өнеге қып ұрнаққа ізді жүрген  
Бейбітшілік бесігі – Астананы  
Орнаттық біз Еуразия кіндігінен.*

*Қайырмасы.*



## Ауыл мұңы

Сөзі Қанат Отарбаевтікі.

Әні Амангелді Шахарбаевтікі

Тірліктен кетті ме әлде, уақыт озып  
Барады бірте-бірте ауыл тозып.  
Қалаға қоныс тепкен жан құрдасым  
Ауылды аңсайсың ба, жүрек қозып?

Биіктен сөз бермейтін желдей есіп,  
Ауылды деп жүргендер алтын бесік.  
Бір келіп сол ауылдың сиқын көрсе  
Ұяттан таппас еді-ау кірер тесік.

### Қайырмасы:

Қазақтың қалада өскен қай баласы,  
Ауылдан шыққан жоқ па бар данасы?  
Даланың мұңын тыңда, ей адамдар  
Ауылдың айтатұғын бар наласы.

Барады ауыл жүдеп, кетіп сәні,  
Баяғы естілмейді жастар әні.  
Көмбесін ұлтымыздың тонатпайық  
Тамырда жатыр оның өмір нәрі.

Қазақтың ауыл құты, берекесі  
Сонда өткен той-думаны мерекесі.  
Ажырап түп қазықтан қалсақ ертең  
Дұшпанның болмаймыз ба, келекесі?  
Қайырмасы.

## Дәуір дарабозы

Сөзі Қанат Отарбаевтікі.  
Әні Амангелді Шахарбаевтікі

Бес ғасыр бұрын ениілеп,  
Бабалар алған кең жерді.  
Бет қаратпас билік кеп  
Бестен бірін бер деді.  
Атамекен – кең өлке,  
Түсті талас тартысқа  
Қоспақ болды Ресейге,  
Күресуге қол қысқа.  
Жер сатпаған қазақтың,  
Жер шұқыды жанары.  
Отына күйіп мазақтың  
Тарқағандай базары.  
Қабыланның жүрегін,  
Жерік қылған анасы.  
Түрініп шықты білегін,  
Қазақтың бір баласы.

Қайырмасы:

Басын тікті қатерге  
Қымбат оған ар-намыс.  
Мансапты байлап белдеуге  
Еліне қылды қолғабыс.



Ұлтын сүйген өлердей,  
 Қазанат шықты торыдан.  
 Ұлтарақтай жер бермей  
 Қазақтың жерін қорыған.  
 Кісендеулі жолбарыс,  
 Қымбат оған ар-намыс.

Озып шықты ортадан,  
 Орда бұзып отызда.  
 Қара үзіп қатардан  
 Қамал алды қырқында.  
 Айтқан сөзі алдаспан,  
 Суарылған намысқа.  
 Шаужайына жармасқан,  
 Қорқақты тықты қамысқа.  
 Қонған бақты басына  
 Мансұқ қылып елі үшін.  
 Астындағы тақты да,  
 Құрбан етті жері үшін.  
 Біртуар, қайсар азамат,  
 Тартқан күрес азабын.  
 Ерлік ісің аманат  
 Қарыздар саған қазағың.

Қайырмасы.



## Туған жер



Сөзі мен әні Амангелді Шахарбаевтікі

Ұяңнан ұшқан балапан едім,  
Кеудеңе құшқан бала таң едім.  
Жетелеп биік армандар алға  
Өзіңді қимай қарайлап кеттім.

Қайырмасы:

Салқын самалы-ай, бетке соғады-ай,  
Жайқалып далам әнге салады-ай.  
Мөлдір бұлағың-ай, мамық құрағың  
Үкілеп менің-ай жақтың шырағың.

Мөлдір суыңа шомылып өстім,  
Қайықтың талмай ескегін естім.  
Ойлаймын сені түсіріп еске  
Достармен жүрген күндерді есте.

Қайырмасы.

Анамдай болған туған жер маған  
Әкедей қамқор, теңеу жоқ саған.  
Жусанның исі аңқыған жұпар  
Мен үшін сенің қымбат қой бағаң.

Қайырмасы.



## Шаңырақ шаттығы

Сөзі Қанат Отарбаевтікі.  
Әні Амангелді Шахарбаевтікі

Бойжеткені ауылдың қос бұрымды,  
Биік қылдың бәрінен шоқтығымды.  
Махаббат дейік оны, мейлі тағдыр  
Тәңірім мәңгілікке қосты бізді.

Қайырмасы:

Достармен бірге жүріп,  
Кеңелдік тамашаға.  
Бөліспей терді төгіп,  
Өсірдік бала-шаға.  
Жастық шақ сыйластықпен  
Толы еді жалын жырға.  
Қоштасып қимастықпен  
Қол бұлғап қалды қырда.  
Парақтап «Мың бір түнді»  
Отырмыз оңашада.

Келеміз бір сәтке де ажырамай,  
Күй кешіп ел қатарлы, мамыражай.  
Жеткіздік балаларды, енді өлгенше  
Бағайық немерені қалжырамай.



Қайырмасы:

Қызықтап немерені,  
Көрейік шөберені.  
Қуаныш келе берсін  
Кеңейтіп керегені.  
Ғұмырды бір кешейік,  
Батпайық қайғы-мұңға.  
Ескекті бірге есейік  
Өмірдің айдынында  
Жол тартқан жолаушыдай  
Жаны бір кемедегі.



## Қарағанды

Сөзі Қанат Отарбаевтікі.  
Әні Амангелді Шахарбаевтікі

Болдың ба, Бұқпа өзеннің жағасында,  
Жайнаған кеңшілердің қаласында?  
Сұлу Арқа төсіндегі алтын алқа  
Шаһар жоқ одан асқан алашымда.

Қайырмасы:

Оттары жарқыраған алып қала,  
Жылынған қызуына сайын дала.  
Гүлденіп, түрлене бер Қарағанды  
Бүгіннен басталғандай өмір жаңа.

Түскенде ел басына қиын кезең,  
Көмірі болған еді өмірге тең.  
Байлығын берекелі Қарағанды  
Қазір де беріп жатыр өңірге кең.

Қайырмасы.

Сан ұлттың өкіліне пана болған,  
Қанаттас қалаларға және қорған.  
Қойнауы қазыналы Қарағанды  
Бәйгеде талай мәрте аты озған.

Қайырмасы.



## Еріксіз қоштасу

Сөзі мен әні Амангелді Шахарбаевтікі

Еркесі едің керімсал кең даланың,  
Кездейсоқ кездестің де кер маралым.  
Сағымға сіңдің қайта сағыныш боп  
Тағдырдың салғанына бар ма амалым.

Қайырмасы:

Аяулым, аппақ құсым,  
Бұл әнім өзің үшін.  
Бал күндер бірге өткізген  
Өңім бе, әлде түсім.

Атырдым таңды талай кірпік қақпай,  
Торлаған сан сұраққа жауап таппай.  
Жолыңа жаным құрбан деп жүргенде  
Қылығым, қалқам, қандай қалды-ау  
жақпай?

Қайырмасы:

Ақ қанат, ақ періштем,  
Түскендей нұр пейіштен.  
Сертіңе сеніп едім  
Суындың сен неліктен?



Барады құстар қайтып алыс жаққа,  
Жаным-ау, қалай қиям сені жатқа.  
Дәурені өтіп кеткен жазға ұқсап  
Қалтырап жалғыз тұрмын күзгі бақта.

Қайырмасы:

Айрылдым абайламай,  
Сен кеттің қарайламай.  
Өтті өмір өкінішпен  
Жолыңа қарай-қарай.





## Құс жолына оралу

Сөзі Қанат Отарбаевтікі.

Әні Амангелді Шахарбаевтікі

Адастырмас темірқазық – мектебім,  
Жадымда гой жаныма нұр төккенің.  
Жастық шақтың жайлауына оралдым  
Шығарып сап қырық жылдың көктемін.

Қайырмасы:

Көрігіндей ұстаның,  
Ұштаған мені ұстазым.  
Зая кетпей еккенің,  
Тамыр жайып көктедім.  
Құс жолындай көктегі,  
Жас гұмырдың өткелі.  
Ыстық барлық адамға  
Алтын ұя мектебі.

Ұшқан ұям, аманбысың дауылдан,  
Көрінбейді неге ұстазым ауылдан?  
Қырық жылда қысы-жазы жол түспей  
Ұят болды-ау, расында да қауымнан.

Қайырмасы.



Ашық болсын туған елдің аспаны,  
Не қыламын уайым көріп басқаны.  
Тентектікті бала күнгі тұмшалар  
Қырық күздің бозқырауы шаштағы.

Қайырмасы.







Қайырмасы:

Құлдыраңдап құлыным,  
Ертең-ақ сен де өсерсің.  
Батамды тәңір қолдаса  
Мұратыңа жетерсің.

Бабалардан қалған жол, намысты бол,  
арлы бол,  
Ел шетіне енгізбе қарақшыны қанды қол.  
Жақсыға болма назалы барды-жоқтан  
мін құрап,  
Пайдаң тисе халқыңа жүрме ботам  
пұл сұрап.

Қайырмасы:

Ойласаң қамын тебіреніп,  
Елің тұрар еміреніп.  
Қолда әр кез дем беріп  
Еліңді сүй, Елберік!





## *Уақыт сыры* (терме)

Сөзі Қанат Отарбаевтікі  
Әні Амангелді Шахарбаевтікі

*Жар таңдадық, отау құрып бала сүйдік,  
Не бітірдік, бұл өмірден нені түйдік?  
Жетегінде жүрсек тағы жеткізбейтін  
Атқан оқтай, шапқан аттай уақыт  
жүйрік.*

*Алыс кетпес бір-бірінен бөліп енші,  
Қуанышқа қашаннан да қайғы көрші.  
Қимасынан айырылған жандарды біз  
Жұбатамыз деп бәріне уақыт емші.*

*Қонса дағы басымызға қанша бақыт,  
Мол байлыққа кеңелсек те, киіп жақұт.  
Уайым көрмей, қызық қуып жүрген кезде  
Азаяды бірте-бірте алтын уақыт.*

*Жанымызда жүргендей бір өңкей жақсы,  
Шатасамыз айыра алмай дос пен қасты.  
Жаны жомарт ағайынның алыстағы  
Амандығын білуге де уақыт тапшы.*



Ашылмайтын ғалымға да асқан зерек,  
Келешектен біле алмаймыз ешбір дерек.  
Тән жарасы жазылады емі қонса  
Жан жарасын жазу үшін уақыт керек.

Жүрсек тағы қаншалықты түзу ізбен,  
Уақыт шіркін санаспайды мүлдем бізбен.  
Көз ілместен сағат тілін санап жатар  
Ауыр науқас өмірінен күдер үзген.

Қазасы ауыр жас баланың, солған көктей,  
Ауызынан анасының сүті кеппей.  
Жүзден асып, жалғыз қалып жыласаң да,  
Кете алмайсың бұл фәниден  
уақыт жетпей.

Она бермес жиган байлық, терді төкпей,  
Жақындарсың о дүниеге жасың жетпей.  
Ғашықтар да алыстайды бұл жалғаннан  
Бірін-бірі күткен кезде уақыт өтпей.

Қайтара алмай қарызыңды, болып құрақ  
Пенделерден дәл өзіңдей уақыт сұрап.  
Бірде асығып, кейде үнемдеп жүрсең дағы  
Бір Алланың еншісінде уақыт бірақ.



Қарта ойнап, арақ ішіп шаттанасың,  
Өлтірдік деп бос уақытты ақталасың.  
Өкінерсің өшіргенде уақыт сені  
Қоқыстағы бос шөлмектей боп қаласың.



Болмайды бос уақытың қылсаң талап,  
Жат қылықтан өз басыңды етсең азат.  
Тәңірдің – уақыт сыйы, нарқы қымбат  
Еліңнің қамын ойла, іске жарат.

Сағат тілі тықылдайды ұрлап уақыт,  
Кеңістікте бара жатыр зырлап уақыт.  
Тоқтамайтын сол уақыттан үлес алып  
Бұл өмірге қонақ болу қандай бақыт?!



## Мазмұны

Нұрлы Нұрам.....	5
Изенді вальсі.....	6
Қыз ұзату.....	8
Туған өлкем егізім!.....	10
Қазақстан алға!.....	12
Ауыл мұңы.....	14
Дәуір дарабозы.....	15
Туған жер.....	17
Шаңырақ шаттығы.....	18
Қарағанды.....	20
Еріксіз қоштасу.....	21
Құс жолына оралу.....	23
Еліңді сүй, Елберік!.....	25
Уақыт сыры.....	27

---

Пішімі 60x84 1/32.  
Офсеттік басылыс. Көлемі 1 баспа табақ.  
Таралымы 50 дана. Тапсырыс № 495.  
«Арко» ЖШС Қарағанды қаласы, Сәтбаев көшесі, 15.  
[www.arko-print.kz](http://www.arko-print.kz)

